Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды үйде оқытуға жұмсаған шығындарын өндіріп алу туралы

Күшін жойған

Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2013 жылғы 21 қазандағы № 170 шешімі. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 8 қарашада № 4289 болып тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 қарашадағы № 305 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Қарабалық ауданы мәслихатының 28.11.2014 № 305 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , "Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 11 шілдедегі Заңының 16-бабына сәйкес Қарабалық аудандық мәслихаты **ШЕШТІ:**

1. Мүгедектер қатарындағы кемтар балаларды (әрі қарай - бала-мүгедектер) жеке оқыту жоспары бойынша үйде оқытуға жұмсаған шығындарын ай сайын тиісті жылға заңнамамен белгіленген, үш айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде өндіріп алуын қамтамасыз ету.

2. Анықталсын:

1) бала-мүгедектерді үйде оқытуға шығындарын өтеу "Қарабалық ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесімен жасалады.

2) шығындар үйде оқитын бала-мүгедектердің ата-аналарына және басқа заңды өкілдеріне өтеледі.

3) шығынды өтеу үшін тұтынушы өтініші, жеке куәліктің көшірмесін, тұрғылықты жері бойынша тіркелгенін растайтын құжаттың көшірмесін, бала-мүгедектер үшін - тууы туралы куәлігінің көшірмесін, психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үйде оқытуға ұсынысын, медициналық-әлеуметтік сараптаманың мүгедектігі туралы сараптамалық қорытындысын, банктік шот туралы құжаттың көшірмесін, үйде оқуды растайтын құжатты ұсынады.

4) шығынды өтеу бойынша төлемдер 18 жасқа толмаған әрбір бала-мүгедекке ай сайын тиісті оқу жылының ішінде өтініш берген айдан бастап тағайындалады.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн

өткен соң қолданысқа енгізіледі және 2013 жылдың 2 қыркүйектен бастап туындаған қатынастарға таратылады.

Кезектен тыс сессия төрайымы Н. Осипова

Аудандық мәслихаты хатшысының міндетін атқарушы Г. Ягодин

КЕЛІСІЛДІ:

"Қарабалық ауданы әкімдігінің жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің басшысы

_____ Т. Салмина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК